



Аудан айнасына 60 жыл

№43 (6581), 3 маусым 2026 жыл

Газет 1966 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады

ИССАПАР

«НЫСАНДАР БЕЛГІЛЕНГЕН УАҚЫТТА ТАПСЫРЫЛУЫ КЕРЕК»,

- деді облыс әкімінің бірінші орынбасары Нұржан Календеров

Ауданымызға жұмыс сапарымен келген облыс әкімінің бірінші орынбасары Нұржан Календеров жергілікті жұртшылықтың өтініш-тілегімен салынып жатқан әлеуметтік нысандардың бүгінгі жай-күйін көрді. Құрылыс жұмыстарына жауапты тұлғалармен жүздесіп, назардағы нысандардың құрылысы сапалы жүргізіліп, уақтылы аяқталуы керектігін қадап айтты.



Ильяс ҚАЛЫБЕКОВ

Әуелі Нұржан Сәбитұлы Шәкен Ниязбеков ауылында «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы аясында соғылып жатқан 200 орындық мәдениет үйінің құрылысымен танысты. Бүгінде құрылыс жұмыстары қарқынды жүргізілуде. Жауапты мердігерлер нысанды жыл соңына дейін пайдалануға беруді жоспарлап отыр. Жаңа мәдениет үйі ауыл тұрғындарының рухани-мәдени өмірін жандандыруға серпін береді деп күтілуде.



Келесі кезекте облыс әкімінің бірінші орынбасары Тастөбе ауылында бой көтеріп жатқан спорт кешенінің

құрылыс алаңында болды. Заманауи талаптарға сай келетін айтулы нысан биыл ел игілігіне беріледі деп жоспарлануда. Бұл кешен ауыл жастарының спортпен тұрақты айналысуына мүмкіндік беріп, бұқаралық спортты дамытуға оң ықпал етеді.

Жұмыс сапары барысында Нұржан Календеров Тоғызтарау ауылындағы Т.Тоқтаров атындағы орта мектепке жапсарлас салынып жатқан қосымша

ғимараттың құрылысын назарға алды. Құрылыс жұмыстары уақтылы аяқталса, ғимарат жаңа оқу жылы басталғанға дейін пайдалануға беріледі. Онда акт залы, спорт залы, асхана және заманауи оқу кабинеттері болады.

Иссапар соңында Нұржан Сәбитұлы әлеуметтің әлеуетін күшейтетін назардағы нысандар белгіленген уақытта тапсырылуы керектігін сөз етіп, жауапты тұлғаларға тиісті жұмыстарды тиімді жүргізуді тапсырды.

4 МАУСЫМ – МЕМЛЕКЕТТІК РӘМІЗДЕР КҮНІ

Мемлекеттік рәміздер – бұл кез келген мемлекеттің егемендігі мен біртұтастығын бейнелейтін, оның ажырамас атрибуттарының бірі. Қазақстан Республикасында Мемлекеттік Ту, Елтаңба және Әнұран мемлекеттік рәміздер болып табылады. «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері туралы» Конституциялық заңы 2007 жылы 4 маусымда қабылданды. Осы заңға сәйкес жыл сайын 4 маусым Қазақстан Республикасында Мемлекеттік рәміздер күні ретінде мерекеленеді.

ЕЛ ТӘУЕЛСІЗДІГІНІҢ НЫШАНЫ

Тәуелсіз Қазақстанның Мемлекеттік Туы мен Елтаңбасы 1992 жылы қабылданды. Тудың авторы – белгілі суретші Шәкен Ниязбеков. Елтаңбаның авторлары – белгілі сәулетшілер Жандарбек Мәлібеков пен Шот-Аман Уәлиханов.

Ал, еліміздің тарихында Әнұран екі рет – 1992 және 2006 жылдары бекітілді. Алғашқы Әнұранның музыкалық авторлары Мұқан Төлебаев, Евгений Брусиловский және Латиф Хамиди, мәтін авторлары елімізге белгілі ақындар Мұзафар Әлімбаев, Қадыр Мырзалиев, Тұманбай Молдағалиев және Жадыра Дәрібаева болды. Одан кейін елдің дыбыстық рәмізінің танымалдылығын арттыру мақсатында 2006 жылы жаңа Мемлекеттік Әнұран қабылданды. Оның негізі ретінде халықтың арасында кеңінен танымал «Менің Қазақстаным» патриоттық әні таңдап алынды. Ол әнді Шәмші Қалдаяқов 1956 жылы ақын Жүмекен Нәжімеденовтың сөзіне жазған болатын. Еліміздің тұңғыш Президенті әнге Мемлекеттік Гимн жоғары мәртебесін беру және анағұрлым салтанатты шырқалуы үшін музыкалық туындының бастапқы мәтінін өңдеді.

→ 2

БАЛАЛАРҒА БАЗАРЛЫҚ

ҚУАНСА, БАЛА ҚУАНСЫН!

«Адамның бір қызығы бала деген» деп ұлы Абай айтқандай, бала үшін барын беріп, бар жақсыны балаларға деген халықпыз. Егеменді еліміздің ертеңгі болашағы – жас ұрпақ тәрбиесі. Бұл әрбір жанның жүрек түкпірінде, көңіл қалтарысында жүретін өмірлік қағида кілті. Себебі адам өмірінің мәні мен сәні де – бала. Бала – отбасының мызғымас тірегі, ертеңге деген сенімінің кепілі.

→ 2



Асадан Астанаға дейін...

Биыл Әулиеатаның бір пара шежіресіне айналған «Шұғыла» газетінің 60 жылдық мерейтойы екен. Ең алғаш еңбек жолымды осы басылымда бастағандықтан, ол мен үшін ыстық. Санаулы ай ғана жұмыс істесем де, «Шұғыла» менің санамда шұғылалы естеліктерімен қалды. Алақандай Аса ауылынан басталған еңбек жолым Алаштың Астанасында жалғасатынын ол кезде білген жоқ едім, әрине...



Серік ЖОЛДАСБАЙ,
«Шұғыланың» 2009 жылғы тілшісі.

Мұхамед Хайдар Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университетінің журналистика мамандығының 4-курсінде оқып жүрген кезім. Бір күні бізден бір курс төмен оқитын Шолпан Оразбаева «Жамбыл ауданының газетіне тілші іздеп жатыр. Барып сөйлесіп көр» деп айтты. Содан не керек, қазір белгілі ақын досым Олжас Сәндібек екеуіміз газеттің бас редакторы Сансызбай Махамбетқұловтың

қабылдауына келдік. Ол бізді жылы қарсы алып, басылымның бағыт-бағдарын айтып, газетке тұрақты тілші керек екенін жеткізді.

Олжас ол кезде оқу орнының «Университет тынысы» газетінде жұмыс істейтін.

→ 3

ЖАЗЫЛЫМ- 2026

ЖАМБЫЛ АУДАНДЫҚ «ШҰҒЫЛА-РАДУГА» ГАЗЕТІНЕ «ҚАЗПОШТА» АҚ ЖӘНЕ РЕДАКЦИЯ АРҚЫЛЫ 2026 ЖЫЛДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫЖЫЛДЫҒЫНА ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП ЖАТЫР

KAZPOST

6 айға – 3763,50 тенге

РЕДАКЦИЯ АРҚЫЛЫ
ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ:

6 айға – 2700 тенге

Жазылым индексі 68991

ЖАЗЫЛЫМ БӨЛІМІ: 2-17-98, 8 705 977 41 77



Соңы. Басы 1-бетте

ЕЛ ТӘУЕЛСІЗДІГІНІҢ НЫШАНЫ

Сөйтіп, Қазақстан Парламенті 2006 жылы 6 қаңтарда палаталардың бірлескен отырысында «Мемлекеттік рәміздер туралы» Жарлыққа тиісті түзету енгізіп, еліміздің жаңа Мемлекеттік Әнұранын бекітті.

Төрткүл дүниенің төрт бұрышында жерұйық мекен Қазақстан даңқының дүбірі естіліп, бабалар көзіндегі көк байрағымыз көтеріліп жатса, онда терен ойлы суреткер, жамбылдық жерлесіміз Шәкен Ниязбековтің қолтаңбасы бар. Ардақты ағамыз кешегі кеңестік кезеңде әйгілі «Волга» жеңіл автокөлігін құрастырған бес инженердің бірі болыпты. Шәкен Оңласынұлы Жамбыл ауданы Бесжылдық ауылында дүниеге келген (Қазіргі Шәкен Ниязбеков ауылы). Он жасында ата-анасынан айырылып, тұл жетім қалған ол Жамбыл қаласындағы мектеп-интернатта тәрбиеленді. Орта мектепті бітіргеннен кейін Ленинградтағы В.Мухин атындағы жоғары көркем өнеркәсіптік училищесіне оқуға түседі. Болашақ тудың авторы студент кезінде сондағы Эрмитаж, Исаак соборы және Петропавл қалпына келтіру жұмыстарына қатысқан. Ол өзінің ең басты ұстазы ретінде Әбілхан Қастеевті пір тұтатын.

Мемлекеттік Туға жарияланған байқауда Шәкен Ниязбековтың жобасы 1200 жұмыстың ішінен барлық жағынан талапқа сай келіп, өтіп кеткені белгілі. Дегенмен



бұра тарту да болғанға ұқсайды. Соған қарамастан Тудың авторы өз еңбегін жан-жақты қорғап шығады.

Тудың авторы өз жазбаларында: «Тәуелсіз еліміздің туын жасауға байқаудың жарияланғаны жөнінде Жоғарғы Кеңестен Ербол Шәймерденов деген азамат хабарлаған болатын. Шынымды айтсам, ұтамын деген ой болған жоқ. Сонда да конкурсқа қатысып, бақ сынап көруге ұйғардым. Сөйтіп дүние жүзіндегі барлық тулардың фотоларын жинап алып, зерттедім. Конкурс екі айға созылды. Біреуге анау ұнайды, біреуге мынау ұнайды дегендей, талқылау созылып кетті. Мен болсам барлық идеяларымды

соңына дейін айтпай жүрдім. Себебі сол конкурсқа қатысқандар өз жақтаушыларының жұмысын өткізуге тырысып жүргендерін байқап қалдым. Бәрі бір-бірімен айтысып болғаннан кейін, соңғы нұсқамды көрсеттім. «Неге сегіз бұрыш қолданбаймыз?» деген сұрақ қойылды. «Сегіз бұрышты Әзербайжан алып қойды, басқа ұлттық нақыштарымыз жетпей ме?» дедім. «Неге айды салмайсың, неге шаңырақты салмайсың?» дегендер де табылды. «Мен мешітке емес, мемлекетке Ту жасап жатырмын. Мен дінді сыйлаймын, бірақ дін – әркімнің жеке шаруасы, ал шаңыраққа келсек, ағайындар-ау, шаңырақты қырғыздар қызыл

туына салып қойды, неге біз біреудің істегенін қайталауымыз керек?» деп жауап бердім», – дейді.

Шығармашылық адамның жолы ауыр болады. Шәкен Ниязбеков қалай дегенмен, өз жұмысын сәтті қорғап шыққан. Бауыры Сейділла Пірімқұловқа берген естелігін оқып отырып, оның жерлесіне «Туда қазақтың үш мәселесі бар» деп ағынан жарылған жазбасын көз шалды. Сонда суретші: «Тудағы бірегей көгілдір түс тектен-текке таңдалған жоқ. Ол аспан мен өмір нәрі судың да түсі. Бірінші, көк тәңірі көк түс. Қазақ тәңірге сыйынған. Тәңіршілдіктің кейбір әдет-ғұрпы қазіргі салтымызда да бар. Екінші, қазақтың мәрттігін, кеңпейілділігін, ерлігін танытатын бүркіт. Бүркітіміз бен күніміз, көк аспанымыз Туда. Үшіншіден, қазақтың қазақ екендігін айшықтайтын оюын Туға қондыруды мақсат еттім. Ұлтымыз бен Туымызды айшықтап тұрсын деп ерекше ою ойлап таптым», – депті.

2014 жыл дүниеден өткен Шәкен Ниязбековтың есімі осыдан бес жыл бұрын өзі туып-өскен Бесжылдық ауылына берілсе, «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» көлік транзитінің сол елді мекенге бұрылар тұсынан «Тутұғыры» аллеясы ашылды. Бұл – көк байрақ авторына деген үлкен құрмет.

Ильяс ҚАЛЫБЕКҰЛЫ

БАСЫЛЫМҒА ЖАУАПТЫ ХАТШЫ ТАҒАЙЫНДАЛДЫ



Жамбыл аудандық «Шұғыла-Радуга» газеті редакциясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі директорының бұйрығымен Қалыбеков Ильяс Қалыбекұлы басылымның жауапты хатшысы болып тағайындалды.

Ильяс Қалыбекұлы 1993 жылы 5 сәуірде Жамбыл ауданы Аса ауылында дүниеге келген. Ұлты – қазақ. Білімі – жоғары.

2015 жылы Тараз инновациялық-гуманитарлық университетін «Филолог» мамандығы бойынша тәмамдаған.

Еңбек жолын 2015 жылдың шілде айында Жамбыл аудандық «Шұғыла-Радуга» газетінде тілші болып бастаған.

2019-2026 жылдар аралығында тілші, бөлім басшысы қызметтерін атқарған.

«ӨРТ-2026»

КОМАНДАЛЫҚ ШТАБТЫҢ ДАЙЫНДЫҒЫ ТЕКСЕРІЛДІ

Қаракемер ауылындағы арнайы белгіленген аумақта «Өрт-2026» командалық-штабтық оқу-жаттығу жиыны өткізілді.

Дала және табиғи өрттердің алдын алу, төтенше жағдайлар кезінде мекемелердің өзара іс-қимылын пысықтау және жедел әрекет ету жасақтарының дайындығын арттыру мақсат етілген шараға аудандық төтенше жағдайлар, полиция, ветеринария бөлімдері, аудандық орталық аурухана, орман шаруашылығы мекемелері, «Қазақтелеком» мекемесі және аудандағы ауылдық



округтердің еріктілер жасақтары қатысты.

Оқу-жаттығу барысында өрт кезінде әрекет ету алгоритмдері пысықталып, арнайы техникалар мен күш-құралдардың дайындығы тексерілді. Табиғи өрт кезінде азаматтық қорғау қызметтерінің өзара іс-қимылдары жетілдірілді. Жедел әрекет ету дағдылары пысықталды.

Командалық штабтың оқу-жаттығуын бақылаған аудан әкімінің орынбасары Нұрлан Несіпбеков тілсіз жаудың алдын алуда дайындыққа бағытталған іс-шаралардың маңызы зор екенін атап өтті.

«Шұғыла»-ақпарат.

Соңы. Басы 1-бетте

ҚУАНСА, БАЛА ҚУАНСЫН!

Күнтізбедегі ең жарқын әрі шуақты мерекелердің бірі – Халықаралық балаларды қорғау күні. Бұл – бүлдіршіндерге тек қуаныш сыйлайтын мереке ғана емес, сонымен бірге ересектерге өскелең ұрпақтың құқықтары мен қауіпсіздігін қорғау жауапкершілігін еске алатын маңызды күн.

Айтулы мереке жыл сайын ауданымызда жоғары деңгейде атап өтеледі. Бұл күні аудан орталығы мен ауылдық округтерде балаларға арналған кең көлемді мерекелік іс-шаралар ұйымдастырылды.

Жандары жалдырап, көңілдері қуанышқа толған бүлдіршіндер үшін ең қуанышты мереке ауданымыздың орталық алаңында аудандық білім бөлімінің ұйымдастыруымен өтті.

Шарада балалар үшін арнайы концерттік бағдарламалар қойылып, ертегі кейіпкерлері өнер көрсетті. Сонымен қатар, асфальтта сурет салу байқауы, көңілді эстафеталар және түрлі спорттық ойындар өткізілді. Жарыстарға белсене қатысқан балаларға балмұздақтар мен арнайы сыйлықтар үлестірілді. Аудан басшылығы мен демалушылар де бұл күні белсенділік танытып, көпбалалы және аз қамтылған отбасылардан шыққан балаларға ерекше назар аударып, сый-сияпат жасады.

Балалық шақ – адам өмірінің ең қамсыз әрі бақытты кезеңі. Ауданымызда өткен мерекелік іс-шара әрбір баланың жүрегінде ұмытылмас жылы естелік ретінде қалары сөзсіз.

Шұғыла ҒАРИФУЛАҚЫЗЫ



Газет – қоғамның үні. Билік пен бұқараны жалғап тұрған алтын көпір. Халықтың мәселесі де, мемлекеттің саясаты да, қоғамдық ахуал да дәл осы ұнпарақтан көрініс табады. Мемлекеттік саясатқа ақпараттық қолдау көрсетумен қатар қараша халықты елдік пен бірлікке үндейді. Ұлттық идеологияны кеңінен насихаттайды. Осы мақсатта қызмет етіп келе жатқан Жамбыл аудандық «Шұғыла-Радуга» газетінің жарық көргеніне таяуда 60 жыл толады. Сонау 1966 жылы негізі қаланған газеттің өзіндік тағылымды тарихы, ғибратты ғұмыры бар. Оны түгелдей баяндап беруге бір томдық кітап та аздық етеді.

Басылымның беделі биік болсын!



Роза ӘШИМОВА,
«Шұғыла» газетінің
2005-2026 жылдардағы
іс жүргізушісі.

Кәрібаев, Арғынбай Бекбосын, Базар Қылыбаев сынды дүйім жұртқа танымал тау тұлғалар тізгіндеп, кейінгі ұрпаққа сара жол салды. Өңір баспасөзінің қара шаңырағына ізгілікті ту, ұйымшылдықты үлгі етті. Әріптестікпен бірге достық пен бауырмалдық, қамқорлық пен жанашырлық қатар жүре алатынын көрсетіп кетті.

Асыл азаматтардан тәлім алған газеттің бұрынғы редакторлары Болат Жаппарұлы да, Сансызбай Махамбетқұлов та ағалар салған сара жолдан айныған емес. Екі редактормен де қызметтес болдым. Бірі – кеңпейілдігімен, көпшілдігімен, бойында бар дарындылығымен ерекшеленсе,

лист ретінде ғана емес, ауданға еңбегі сіңген арда азаматтар ретінде танылып, құрметке бөленді. Кейінгі ұрпаққа бар білгенін үйретіп, тәлім-тәрбие беріп, ұрпақтар сабақтастығын лайықты жалғастырды. Бүгінгі жас ұрпақ алдыңғы буын ағалардың ізін жалғап, басылымның беделін биіктетініне үміт етіп, сенім артты. Сол үміт пен сенім ақталса игі.

Газеттің қазіргі бас редакторы Нұрасыл Сұлтанбаев бастаған бүгінгі жас буын аға буынның өнеге еткен ізгі жолымен жүріп келеді. Алдағы уақытта да редакция ұжымының ұйымшылдығы артып, өзіне жүктелген жұмысты бірлесе атқаратынына сеніммен қараймын. Әріптестеріме шығармашылық табыс, отбасыларына



«Шұғылада» небір мықты журналистер қызмет жасады. Алысқа бармай-ақ, беріден алғанның өзінде басылымды Жандар

екіншісі – адамгершілігімен, кішіпейілдігімен, өзгеге қамқорлық танытуымен көпке сыйлы. Жергілікті жұртқа тек кәсіби журна-

бақ-береке тілеймін. «Шұғыла» шуағын шашып, айналасын нұрландырсын! Басылымның беделі биік болсын!

Бойыма ағалар тәлімін дарытқанмын



Ұлбала ЖҮЗЕЕВА,
«Шұғыланың» 1978-1980
жылдардағы машинка
басушысы.

Осы тұста редакцияда Нарша Қашағанов, Маханбетәлі Дүйсебаев, Болат Жаппаров, тағы басқа азаматтар еңбек етті. Болашағыма бағыт-бағдар берген, туған қарындасындай қарап еркелігімді көтерген, рухани құндылықтың не екенін санама құйған осындай ұлағат иелері қандай құрметке де лайық еді. Олардың есімдерін ұлықтап, өнегелі істерін кейінгіге танытуды парызым мен міндетім деп санаймын.

Менің түсінігімде олардың әрбірі журналист, ақын, әдебиетші еді. Кез келген жанрда жазуымен, шексіз жауапкершілігімен және табандылығымен ерекшеленетін. Олардың әрбірі күнделікті қызметінде газет макетін жасауға,

Төл газетімнің 60 жылдық мерейтойы туралы әңгіме қозғалғанда еңбек жолымды бастаған жылдар ойыма оралды. Үш жылдың ішінде 3 редактордың ауысқаны есімде. Мені жұмысқа Жабайұлдаев Тоқсанбай аға қабылдаған еді, артынша ол кісінің орнына Шаймерден Дәуренов келді. Тағы бір жыл өткенде бас редактор болып танымал қайраткер ағамыз Арғынбай Бекбосынов тағайындалды.

материал дайындауға, автордың жазғанын қорытуға араласа беретін. Басылымның мазмұны мен полиграфиялық безендірілуіне күш салатын. Әр сөзді, сөйлемді саралайтын. Ең бастысы, ісіне ұқыпты, өте сауатты, оқырмандарына адал жандар болатын.

Әрбірінің бойынан көп қасиет көрдім – кісілік, адамгершілік, парасаттылық және терең білім-таным. Тағы бір сезінгенім – аға буынның тамаша тәлімгерлігі, өз білгенін жастарға үйретуден, әріптестерімен бөлісуден жалықпайтыны. Олар жас қызметкерлердің жаңа ортаға бейімделуіне, кәсіби шыңдалуына көңіл бөлетін. Ешқайсысы жақсылық жасадым деп міндетсінбейтін. Жанашырлығы мен қамқорлығы өз алдына. Кішіге қорған болып, сөзді қару, қаламды қалқан етіп, қазақ журналистикасының дамуына үлес қосқан абзал адамдармен алғашқы еңбек жолымда жолықтырған тағдырыма әлі күнге ризамын. Өмір оқулығым да, тәрбие мектебін де «Шұғыла» газетінің редакциясынан көрген уақытым – ең шұғылалы сәттерім.

Осында өткен 2-3 жыл менің алдағы ұзақ жылдарыма жетерлік

азық берді десем, әсіре айтпағаным. «Алдағы» деп отырғаным – Асадан Алматыға аттанып, ел астанасында зейнет демалысына шыққанша баспасөз саласында қызмет атқарған жылдар аралығы. Алматыда бірден республикалық «Социалистік Қазақстан» (қазіргі «Егемен Қазақстан») газетіне корректор болып қабылданып, арада бірнеше жыл өткенде «Заң» газетінде жауапты хатшы, «Қазақстан теміржолы» компаниясының басылымында 14 жыл редактор, дизайнерлер тобының басшысы қызметтерін атқардым. Сол жылдарда туған ауданымының «Шұғыла» газетінде алған тәрбие мен тәжірибенің арқасында үлкен жетістіктерге жетіп, абырой мен құрметке бөлендім деп мақтанышпен айта аламын.

Қазір де көп көрініс көз алдымда. Мектеп жасынан сүйіп оқыған, кейін өзім де сол сүйікті газетімді шығаруға атсалысқан «Шұғыла» алпысыншы белеске келіп қалыпты. Берекелі белес құтты болсын деймін. Жағымды жаңалықтарымен, көңілге қонымды хабарларымен аудан халқына қызмет етіп, өткені өнеге, болашағы баянды болсын деп тілек білдіргім келеді.

Соңы. Басы 1-бетте

Асадан Астанаға дейін...

Сансызбай аға осыны ескеріп, мені 2009 жылдың 9 ақпаны күні қызметке алды. Сонымен аядай аудандық газеттің ең жас тілшісі боп жұмысқа кірістім. Бастапқыда жас маманның жазған дүниесінің бәрі бірдей керемет болған жоқ. Бірақ оны бас редактор ерінбей-жалықпай түзеп, газетке жариялайтын. Бір күні Асаға Американың бір топ жастары келіп, арнайы тігілген киіз үйге кіріп, қазақтың салт-дәстүрімен танысты. Осы іс-шараға редакцияның атынан барып қатысып, кейін «Атың барда жер таны» деген тақырыпта мақала жаздым. Мақаланың түйіні қазақтың жастары америкалықтар секілді шетелге барып, әлемді араласа деген ниет болатын. Сансызбай ағаның мақаланың тақырыбы мен мазмұнына риза болғаны есімде қалыпты.

Афина Олимпиадасының чемпионы әрі Бэл Баркер кубогының иегері Бақтияр Артаев Айшабиби ауылының әкімі болғанда атақты боксшыдан сұхбат алғым келді. Басының рұқсатын алып, сұхбат алуға аттандым. Сол сұхбатында боксшы:

«Ана тілін білмеген – Ақылы жоқ желікбас. Ана тілін сүймеген – Халқын сүйіп жарытпас», – деген өлең жолдарын тілге тиек етіп, өз тілін білмейтін шенеуніктерге өкпесін жеткізген еді.

Әйгілі боксшы тек қана қара күш иесі емес, сонымен қатар отаншыл азамат екенін аңғартты. Сұхбат алмас бұрын Бақтияр Артаевты адуынды жігіт шығар деп ойлағанмын. Бірақ мен ойлағандай емес, керісінше биязы, кішіпейіл азамат ретінде әсер қалдырды.

Қайдан дарығанын білмеймін, сын жазбасам тұра алмаймын. Жамбыл ауданы әкімдігі ұйымдастырған кейбір іс-шараларға көңілім толмай, кем-кетігін сынап жазамын. Әкімдік ұйымдастырған кезекті бір іс-шараға 3-4 адам ғана қатысып, жиын сүреңсіз өтті. Соны бір жастық жалынмен жазып бас редакторға тапсырдым. Сыни мақаланың Сәкен мұртын басып, «Байқауға байыппен қарайық» деген тақырыппен газетке жариялады. Соның өзінде ертеңіне әкімдіктен хабарласып, «Сыни мақаланы оппозициялық газетке жаз» деп ескерту жасады. Бұл сыни мақалама айтылған ең бірінші ескерту еді.

Бүгінгідей емес, ол кезде газеттің абырой-беделі жоғары болатын. «Жас Алаш», «Жас қазақ» және «Ана тілі» секілді республикалық газеттерді жата-жастана оқушы едік. Аталған басылымдар редакцияға кешігіп, келмей жатса әкімдіктің іргесіндегі «Қазпоштаға» барып алатыным әлі есімде. Осы және басқа да басылымдарды үздіксіз оқу арқылы маман ретінде қалыптасқан секілдімін. Өкінішке қарай, қазір әлеуметтік желінің соңынан кетіп, газет-журналдар бұрынғыдай оқылмай қалды. Журналистикадағы қызметімді газеттен бастағандықтан бұл жағдай мені алаңдатады. Бірақ та ғаламтор өз дегенін жасап жатқанын мойындамасқа шара жоқ.

«Шұғыла» газетінде сол жылдың қыркүйегіне дейін небәрі 7 ай ғана жұмыс істепмін. Бұл, әрине, өте аз уақыт. Шыны

керек, дипломымды қолға алғаннан кейін, Алматы, не болмаса Астанаға кеткім келіп жүрген. Бірақ ол жоспарымды бас редакторға жеткізу өте қиын болды. Егер Сәкен маған баласындай қарамай, арамызда ресми қарым-қатынас болғанда жұмыстан кететінімді айту қиына соқпас еді. Әйтсе де ол кісі мені «Шұғыла» газетінде біраз жыл жұмыс істейді деп сенді. Ең қиыны, адамның сеніміне селкеу түсірген екен. Ары ойланып, бері ойланып жүріп әрең дегенде Сәкен «Шұғыла» газетінен кететінімді жеткіздім. Сансызбай аға «Кетемін» деген менің өтінішімді жерге тастамай, жөн-жосығымен шығарып салды.

Әуелі Алматыны барлап, онда жұмыс табылмаған соң Астанаға ат басын бұрдым. Астанаға келгенде «Серік, қош келіңсің!» деп бірден құшақ жая қарсы алған ешкім жоқ. Жұмысқа орналасуға тәжірибем аздық етіп, сергелденге түскенімді айтпай кету мүмкін емес. Бүгінде біреуден ілгері, біреуден кейін журналистика саласында қызмет етіп жатырмыз. Жаңа заманға сай Alashorda.kz ақпараттық агенттігін құрып, 100 мыңға жуық жазылушысы бар Алашорда ютуб каналының жетекшісі болып отырмын. Былтыр «Алаш және дін», ал биыл «Алаш және экономика» деректі фильмдерін көрерменге ұсындық. Осы іргелі істердің бәрінде аудандық басылымнан басталған еңбек жолым ғұмырымның берекелі баспалдағы болды.

Бір сөзбен айтқанда, «Шұғыла» газетінде жұмыс істеген кезі ай – өмірлік тәжірибе мектебі. Редакцияда Лесбек Әзбергенов ақсақалмен бір кабинетте отырып жұмыс істедім. Алып-ұшқан жас маманға өмірді көрген ақсақал аз ақыл айтқан жоқ. Сонымен қатар газеттің корректоры болып қызмет атқарған Гүлжан Бескемпірова апамыздың қамқорлығын сезіндім. Апамыздың әдемі әзілі мен адуынды мінезі кез келген қисықты түзетіп жіберетін. Басылымда ұзақ жыл жұмыс істеген Дүйсенбек Орманов ағамыз ақсөңіл, бала мінез, аңқылдаған азамат еді. Ал байыпты мінезді бас есепші Алма Әлиева апайдың бейнесі әлі көз алдымда. Бүгінде Лесбек атамыз бен Гүлжан апамыз және Дүйсенбек ағамыз бен Алма апайымыз ортамызда жоқ. Марқұмдардың жатқан жерлері жайлы болсын.

Газеттің 60 жылдық мерейтойымен сол кездегі газеттің бас редакторы Сансызбай Махамбетқұлов пен оның орынбасары Байтанағали Төлентаев, орыс редакциясының журналисі Уәсила Абумаликова, хатшылық қызмет атқарған Роза Әшімова, дизайнер Фалия Әлиева, фотограф Сейсенбек Айтбаевты алпыс жылдық айтулы шежіремең құттықтаймын! Жиырма бір жастағы жас маманға редакцияның әрбір мүшесі адамдық пен ақ тілектерін білдіріп, зор қолдау көрсетті. Сол себепті алғысым шексіз.

Сондай-ақ газеттің қазіргі бас редакторы Нұрасыл Сұлтанбаев бастаған редакция ұжымын 60 жылдық мерейтойымен құттықтаймын! «Шұғыланың» шұғылалы жарығы әрдайым жарқырап тұра берсін!

БАЛА – ӨМІРДІҢ ГҮЛІ

Ерекше балалар белсенділік танытты

Халықаралық балаларды қорғау күні аудандық балалар мен жасөспірімдер кітапханасы ерекше күтімді қажет ететін балалардың қатысуымен «Күн шуақты бала әлемі» атты мерекелік кеш ұйымдастырды. Айтулы шара балаларға қуаныш сыйлап, олардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға мүмкіндік берді.

Ильяс ҚАЛЫБЕКОВ

Зағип және көзі әлсіз көретін азаматтар бөлімінің қызметкері Әйгерім Үркімбаева жүргізген мерекелік кеште балалар

түрлі тақырыпта тақпақтар айтып, гүлмен және доппен өнер көрсетсе, кітапхананың белсенді оқырмандары қазақша және испан биін биледі. Раяна Ыдырыс пен Жания Ыдырыс «Бақыт деген», «Қазақстаным» әндерін әуелетсе, Ерғазы Кеңесбай



мен Дариға Кеңесбай «Жақсы адамдарым» әнін шырқады. Кітапхана қызметкерлері «Қызыл телпек» ертегісін сахналады. Ерекше балалар еліміздің ұлттық мұрасын дәріптеу мақсатында белгілі күйші Асылбек Еңсеповтың туындыларын орындады. «Кім көп біледі?», «Жақынын тап», «Ғажайып алаң», «Құпия қазына аралы» ойындарына белсене қатысты.

Кеш соңында балаларға кітапхана тарапынан сыйлықтар мен балмұздақтар тарту етілді.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Жамбыл ауданы әкімдігі мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің «Аудандық мәдениет үйі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнына қарасты Ерназар ауылдық клубының музыка жетекшісі 1 бірлік, Тоғызтарау ауылдық клубының үйірме жетекшісі 1 бірлік және мәдени ұйымдастырушы 1 бірлік уақытша бос лауазымдарына конкурс жариялайды

Кәсіпорынның атауы: Жамбыл ауданы әкімдігі мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің «Аудандық мәдениет үйі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.

Орналасқан жері: пошталық индексі 080200. Жамбыл облысы, Жамбыл ауданы, Аса ауылы, Абай көшесі №102-үй, тел.: 8 (72633) 2-15-29, 2-24-34.

Кәсіпорын қызметінің негізгі бағыты: әдебиет және өнер туындыларын көпшілік алдында орындауға және көркемдік ұжымдар мен жекелеген орындаушыларды танымал етуге жағдайлар жасау, халықтың рухани және эстетикалық сұранысын қанағаттандыру, кәсіби көркемдік ұжымдар мен жекелеген орындаушылардың концерттерін ұйымдастыру, музыкалық-ағартушылық қызметті жүзеге асыру, халыққа музыкалық-эстетикалық тәрбие беру, ҚР заңнама талаптарына сәйкес ақшыл қызметтер көрсету болып табылады.

Музыка жетекшісінің лауазымдық міндеттері: ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің 2017 жылғы 17 шілдедегі №209 бұйрығына сәйкес ойын-сауық, тұрғындардың ойындық қатынасы мен демалысының ұжымдық түрлерін ұйымдастырады;

сценарийлерді, тақырыптық бағдарламаларды, ұжымдық демалыстың ойын түрлерін, көркемдік безендіру, әуенмен әрлеу және техникалық жабдықтау жұмыстарын жасауға қатысады;

концерттерді дайындау үшін сценарийлік жоспарлар жасайды, көркемдік және музыкалық жетекшілерді, хореографтарды, концертмейстерлерді, шығармашылық ұжымдарды, жеке әншілерді шақырады.

Біліктілікке қойылатын талаптар: біліктілігі жоғары деңгейлі маман:

санаты жоқ: жұмыс өтіліне талаптар қойылмай педагогикалық ғылымдар (музыкалық білім) және/немесе өнер және гуманитарлық ғылымдар және/немесе әлеуметтік ғылымдар, журналистика және ақпарат және/немесе қызмет көрсету (туризм, мәдени-тынығу жұмыстары) бағыттары бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім.

біліктілігі орта деңгейлі маман: санаты жоқ: жұмыс өтіліне талаптар қойылмай «өнер және мәдениет» немесе «білім беру» мамандықтар тобы бойынша

техникалық және кәсіби, орта білімнен кейінгі (орта арнаулы, орта кәсіби) білім.

Үйірме жетекшісінің лауазымдық міндеттері: ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің 2017 жылғы 17 шілдедегі №209 бұйрығына сәйкес үйірме жұмысын ұйымдастырады. Үйірмеге қатысушылардың уақытын тиімді пайдалануын қамтамасыз етеді.

Біліктілікке қойылатын талаптар: біліктілігі жоғары деңгейлі маман:

1) жоғары санаттағы: өнер және гуманитарлық ғылымдар (өнер) бағыттары бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша біліктілігі жоғары деңгейлі I санатты маман лауазымында 3 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

2) I санаттағы: өнер және гуманитарлық ғылымдар (өнер) бағыттары бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша біліктілігі жоғары деңгейлі II санатты маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

3) II санаттағы: өнер және гуманитарлық ғылымдар (өнер) бағыттары бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша біліктілігі жоғары деңгейлі санаты жоқ маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

4) санаты жоқ: жұмыс өтіліне талаптар қойылмай, өнер және гуманитарлық ғылымдар (өнер) бағыттары бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім.

біліктілігі орта деңгейлі маман:

1) жоғары санаттағы: «өнер және мәдениет» немесе «білім» (музыкалық білім) мамандықтар тобы бойынша техникалық және кәсіби (орта арнаулы, орта кәсіби) білім және мамандығы бойынша біліктілігі орта деңгейлі I санатты маман лауазымында 3 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

2) I санаттағы: «өнер және мәдениет» немесе «білім» (музыкалық білім) мамандықтар тобы бойынша техникалық және кәсіби (орта арнаулы, орта кәсіби) білім және мамандығы бойынша біліктілігі орта деңгейлі II санатты маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

3) II санаттағы: «өнер және мәдениет»

немесе «білім» (музыкалық білім) мамандықтар тобы бойынша техникалық және кәсіби (орта арнаулы, орта кәсіби) білім және мамандығы бойынша біліктілігі орта деңгейлі санаты жоқ маман лауазымында 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі;

4) санаты жоқ: жұмыс өтіліне талаптар қойылмай «өнер және мәдениет» немесе «білім» (музыкалық білім) мамандықтар тобы бойынша техникалық және кәсіби (орта арнаулы, орта кәсіби) білім.

Мәдени ұйымдастырушысы бос лауазымдық міндеттері: ойын-сауық, тұрғындардың ойындық қатынасы мен демалысының ұжымдық түрлерін ұйымдастырады;

сценарийлерді, тақырыптық бағдарламаларды, ұжымдық демалыстың ойын түрлерін, көркемдік безендіру, әуенмен әрлеу және техникалық жабдықтау жұмыстарын жасауға қатысады;

концерттерді дайындау үшін сценарийлік жоспарлар жасайды, көркемдік және музыкалық жетекшілерді, хореографтарды, концертмейстерлерді, шығармашылық ұжымдарды, жеке әншілерді шақырады;

Біліктілікке қойылатын талаптар:

1) санаты жоқ: жұмыс өтіліне талаптар қойылмай, кадрларды дайындау бағыттарының бірі: педагогикалық ғылымдар (жалпы дамудың пәндік мамандандырылған мұғалімдерін даярлау, гуманитарлық пәндер бойынша, тілдер және әдебиет бойынша мұғалімдер даярлау) және/немесе өнер және гуманитарлық ғылымдар және/немесе әлеуметтік ғылымдар, журналистика және ақпарат және/немесе қызмет көрсету (туризм, мәдени-тынығу жұмысы) бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім.

біліктілігі орта деңгейлі маман: 4) санаты жоқ: жұмыс өтіліне талаптар қойылмай, «өнер және мәдениет» немесе «білім беру» мамандықтар тобы бойынша техникалық және кәсіби, орта білімнен кейінгі (орта арнаулы, орта кәсіби) білім.

Қызметкерлердің лауазымдық жалақысы білімнің деңгейіне және жұмыс өтіліне сәйкес 100000 теңгеден жоғары.

Конкурс Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 25 желтоқсандағы «Азаматтық қызметке кіру және азаматтық

қызметшінің бос лауазымына орналасуға конкурс өткізу қағидаларын бекіту туралы» №1017 бұйрығына сәйкес өткізіледі.

Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар осы хабарландыру аудандық «Шұғыла-Радуга» газетіне, сондай-ақ, республикалық enbek.kz интернет-сайтында жарияланған күннен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Жамбыл ауданы, Аса ауылы, Абай көшесі №102-үй, тел.: 8 (72633) 2-15-29, 2-24-34.

Мынадай құжаттарды ұсынуы тиіс:

1) конкурсқа қатысу туралы өтініш;

2) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

3) кадрларды есепке алу жөніндегі толтырылған жеке парақ (нақты тұратын мекенжайы мен байланыс телефондары көрсетілген);

4) білімі туралы құжаттардың көшірмесі;

5) еңбек кітапшасы (ол болған кезде);

6) «Денсаулық сақтау ұйымдарының бастапқы медициналық құжаттама нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрі міндетін атқарушысының 2010 жылғы 23 қарашадағы №907 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №6697 болып тіркелді) бекітілген нысан бойынша денсаулық жағдайы туралы анықтама.

7) сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны туралы мәліметтердің бар немесе жоқ екендігі туралы анықтама.

Конкурсқа қатысушы өзінің біліміне, жұмыс өтіліне, кәсіби даярлық деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар беру, ғылыми жарияланымдар туралы құжаттардың көшірмелері, сондай-ақ бұрынғы жұмыс орнының басшылығынан ұсынымдар және т.с.с.) бере алады.

Құжаттарды қабылдау аяқталатын күні: 2026 жылдың 17 маусымы.

Конкурстың өтетін орны: Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Жамбыл ауданы, Аса ауылы, Абай көшесі №102-үй.

Осы лауазымға орналасқан тұлға үшін көтерме шығындар төленбейді, тұрғын үй және өзге де жеңілдіктер берілмейді.

ШҰҒЫЛА-RADUGA

МЕНШІК ИЕСІ:
«Шұғыла-Радуга» газеті
редакциясы» ЖШС

Бас редактор:
Нұрасыл СҰЛТАНБАЕВ

Қабылдау бөлмесі: 2-17-98

Бас редактормен тікелей
байланыс: 87765549701

Бас редактордың

орынбасары:

Жауапты хатшы:

Тілшілер:

Дизайнер-теруші:

Бас редактордың

орынбасары:

Тілшілер:

Мақсат ЖҰМАБАЕВ

Ильяс ҚАЛЫБЕКОВ

Шұғыла АҚШАБАЙ

Құрбанәлі Шахабай

Жұматай Көксубайұлы

Ғалия АЛИЕВА

2-20-24

2-13-44

Газет ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінде
07.10.2021 жылы қайта тіркелген.
Тіркеу куәлігі №КЗ87VPY00041240

87059774177

87474240395

877770284244

87788758489

87088419629

87075853423

Редакция авторлардың көзқарасы,
жарнама мазмұны үшін жауап
бермейді. Жарияланбаған хатқа жауап
қайтарылмайды.

Газет «Шұғыла-Радуга» газеті
редакциясында компьютерде теріліп,
беттелген. Қалыбы «Қанатты қалам
әлемі» ЖШС-нде жасалып, көбейтілді.
080012, Тараз қаласы, Төле би көшесі 36 Б.

Таралымы 3031 Тапсырыс №368

Нөмірдің кезекшісі: Ильяс ҚАЛЫБЕКОВ

Газет аптасына 2 рет,
сәрсенбі, жұма күндері
шығады.
Газета выходит 2 раза в
неделю, в среду и в пятницу.

Индекс: 68991

Электронды пошта:
sugyla@bk.ru

Біздің мекенжайымыз:
Индексі 080200, Аса ауылы,
Абай көшесі 78-үй.